

Кеңес өкіметінің
алғашқы
жылдарындағы
әдебиет

Орындаған:Турсынбек Ш.А
Тексерген:Сетимова А.Т

Ақтөбе,2018жыл

Первый пленум Союза советских писателей Казахстана.

26-30/III-37г.
Семей-СТБ.



Кеңестік кезең тұсында нағыз қазақ әдебиетінің негізі қаланды. Оған дейін қазақта әдебиет болмады деген сөз емес, дәл сол қазақта бар әдебиеттің өркендеп, кең көсілуіне, құнды да көркем болуына әсер етті. Әдебиет дамып, прогрестік жолға түсті. Қазақ әдебиетінде әлемге танымал шоқтығы биік тұлғалар пайда болды. Олар – *А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин, М. Дулатұлы, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, І. Есенберлин, Қ. Аманжолов, М. Мағауин, М. Мақатаев.* Бұл тұлғалар алып арнаға, адамзат ақыл ойының дариясына айналды.

Соғыстан кейінгі уақытта
әдебиетшілер
шығармашылығы қатаң
идеологиялық бақылауға
алынды. Соған
қарамастан 40-жылдардың
аяғы мен 50-жылдардың
басы Қазақстан кеңестік
әдебиетінің гүлденген кезі
болды.

Әсіресе, кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында, яғни, ХХ басында қазақ топырағына роман жанры келе бастады. Барлық жазушылар дәл осы прозадағы роман жанрына машықтана бастады. Әр дәуірге бір жанр тән дейді ғұламалар. Дәл солай, кеңес кезіндегі қазақ әдебиетіне роман жанры тән десек қатеспеспіз. Алғаш қазақ романын М.Дулатұлы жазды, «Бақытсыз Жамал» 1910 жылы шықты.





1947 жылы М. Әуезовтің «Абай» романының 2-томы басылып шықты.

Эпопеяның «Абай» атанған алғашқы екі кітабына КСРО Мемлекеттік сыйлығы (1949), «Абай жолының» тұтас төрт томына Лениндік сыйлық (1959) берілді.

Бұл роман арқылы жаңа ғасырдың жарқын жолына қадам басқан ұрпақтың бүгінгіні танып білуі кешегі тарихымызды жете білуімен сабақтасатыны дәлелдене түседі.



С. Мұқанов «Сырдария» (1947), «Сұлушаш» (1928)



Ғ. Мұстафин «Миллионер» (1948)



Ж. Аймауытов «Ақбілек» (1927), «Қартқожа» (1927)



І. Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясы (1976)

1949 жылы Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романдары жарық көрді.

Жазушы романда кейіпкерлерді тарих сахнасына алып шығып, кілең сайып қырандар иық тірестіре тұра: «Жаудың бірлігі-күште, біздің күшіміз бірлікте» - деп, Отан мен адам проблемасын негізінен алғанда осылайша сенімді суреттейді.



«Ғабит шығармаларында орынсыз тұрған бір де бір сөз болмайды»
Зейнолла Қабдолов

Кеңес кезеңіндегі әдебиеттің "қап" деп сан соғар тұстарының бірі біз ХХ ғасыр басындағы зиялы қауымды кеш таныдық. Олар бізге кеш жетті. Қазақ халқы сол жазықсыз репрессия құрбаны болып кеткен Алаш азаматтарының шығармашылығымен кеш танысып, санасына әлі күнге сіңіріп үлгере алған жоқ. Ол кезең біздің поэзиямыздың асқар шыңы іспеттес жыраулар әдебиетін жоққа шығаруға тырысты. Бірақ бетін топырақ басса да асылдың аты - асыл. Біз бәрі-бір өз жауһарларымызбен қауыштық. Бір өкініштісі кешеуілдеп қана.

Қорыта келгенде кеңес кезеңі қазақ әдебиеті үшін маңызды кезең болды. Қазіргі таңда сол кезеңді кінәлайтындар өте көп. Бірақ мен айтар едім: Кеңес кезеңі бізге көп нәрсе берді. Бірақ, біз алғанмыздан артықтау төледік..